



**«№23 «1 Мамыр» жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің тәлімгері Г.Саненованың 2020-2021 оқу жылына
арналған жылдық жұмыс жоспары.**

2020-2021 ж

2020-2021 оқу жылы бойынша мектеп тәлімгердің, «Жас Ұлан», «Жас қыран» ұйымының жұмыс жоспары.



"ЖАС ҰЛАН", "ЖАС ҚЫРАН" ҰЙЫМЫ – Республикалық бірыңғай "Жас Ұлан" балалар және жасөспірімдер ұйымы Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бастамасы бойынша құрылған. Бұл ұйым қоғамдық ұйым болып табылады. "Нұр Отан" ХДП ХІІІ съезінде Елбасы Н.Ә.Назарбаев Қазақстанның жас азаматтарының басын біріктіретін "Жас Ұлан" бірыңғай балалар ұйымының жаңа жүйесін құру керектігін атап өткен болатын. Тәуелсіздіктің жылдығына орай 2011 ж. 6 шілдеде "Ел орда күніне" орай "Бірыңғай "Жас Ұлан" балалар мен жасөспірімдер ұйымы" республикалық қоғамдық бірлестік құрылды. 26 тамыз күні "Жас Ұлан" ұйымының құрылтайы өтті. Ұйымның Кеңес мүшелері, жұмыс жоспары қабылданды, ресми нышандары бекітілді. **"ЖАС ҰЛАН"**-өскелең ұрпақты жоғары рухани – адамгершілік құндылықтар, демократиялық ұстанымдарға негізделген қазақстандық патриотизм рухында қалыптасқан ұйым. "Жас Ұлан" өз қызметінде ҚР-ның

Конституциясын, заңнамасы және де басқа нормативтік құқықтық актілерін, ҚР-да ратификацияланған халықаралық актілерді басшылыққа алады.

ҰЙЫМНЫҢ МАҚСАТЫ: өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық, білім мен өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлық, беріктік, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгіні мен болашағына деген жауапкершілікке тәрбиелеу.

ҰЙЫМНЫҢ МІНДЕТТЕРІ: Қазақ халқының тілін, мәдениетін, тарихын білу негізінде өскелең жас ұрпақтың бойында рухани-адамгершілікті қалыптастыру, балалар мен жасөспірімдердің азаматтық белсенділігі мен саналығын арттыру, танымдық жұмыстарды ынталандыру, балалар мен жас өспірімдердің зияткерлік, шығармашылық және әлеуметтік дамуы үшін жағдай жасау, жауапкершілік пен еңбексүйгіштікті қалыптастыруға, көшбасшылық және ұйымдастырушылық қабілеттерін дамытуға бағытталған баланың жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту.

"ЖАС ҰЛАН" ҰЙЫМЫНЫҢ РӘМІЗДЕРІ: ту, галстук, төсбелгі, эмблема

ҰЙЫМҒА ҚАБЫЛДАУ ЖЫЛЫНА 2 РЕТ: 1 - мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні, 6-шілде - "Жас ұлан" құрылған күні, 16-желтоқсан - Тәуелсіздік күні.

ЖҮЗЕГЕ АСЫРУШЫЛАРЫ: 6-9 жас – «Жас Қыран», 10-16 жас – «Жас Ұлан», мектеп басшылығы, ұйым жетекшісі, сынып жетекшілер, ата - аналар.

"ЖАС ҰЛАН" ҰЙЫМЫНЫҢ БАҒЫТТАРЫ:

1. «Зерде» (танымдық) бағыты
2. «Руханият» (адамгершілік, адалдық) бағыты
3. «Отан» (патриоттық) бағыты
4. «Салауат» (салауатты өмір салты) бағыты
5. «Еңбек» (еңбексүйгіштік, іскерлік) бағыты
6. «Жеті жарғы» (құқықтық) бағыты
7. «Экоәлем» (экологиялық) бағыты

БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ: Ұйым жетекшісі – Мектеп Ұланбасы – Топ Ұланбасы - Топ қыранбасы – Сынып Ұланбасы -Сынып Қыранбасы - бөлімдер бойынша жауаптылар.

«Жас ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының жылдық жоспары

Қыркүйек

№	Атқарылатын жұмыстар	Тәрбие жұмыстарының бағыттары	Қатысушылар	Уақыты	Жауапты
1	«Конституция – біздің болашағымыз», «Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз», «Мамандық тандау – ертеңді ойлау» білім беру сабағы 1 қыркүйек–білім күніне арналған «Алғашқы қоңырау» мерекесін ұйымдастыру /онлайн, видеоролик/	Білім беру сабағы Салтанатты жиын	1-11 сыныптар «Жас ұлан» ұйымының мүшелері	Тамыз Қыркүйек	Сынып жетекшілер Мектеп әкімшілігі Пед ұйым Тәлімгер Ұйым мүшелері
2	«Жас ұлан» ұйымының отырысы міндеттерін оқыту. Қоғамдық тапсырмаларды бекіту.	Өндірістік жиналыс	«Жас ұлан» ұйымының мүшелері	Қыркүйек	Тәлімгер Ұйым мүшелері
3	«Отбасы – бақыт мекені», «Менің отбасым» апталық өткізу /онлайн/ «Адал ұрпақ» еркітілер клубының жұмысы	Болашаққа бағдар рухани жаңғыру жобасын іске асыруға іс-шаралар өткізу(жеке жоспармен). Отбасы күнін мерекелеу шенберінде	1-10 сыныптар	Қыркүйек	ДТДЖО Пед ұйым Тәлімгер Сынып жетекшілер
4	«Қайырымдылық қол көмегін жасайық» тобын құру, мүшелерін сайлау, көмек қажет ететін кісілерге көмек жасау.	Рухани адамгершілік тәрбиесі	«Жас ұлан» ұйымының мүшелері	Қыркүйек	Пед ұйым Тәлімгер Ұйым мүшелері

Қазан

№	Атқарылатын жұмыстар	Тәрбие жұмыстарының бағыттары	Қатысушылар	Уақыты	Жауапты
1	«Қарттарым асыл қазынам» онлайн құттықтау, қарттарға көмек көрсету.	Рухани- адамгершілік тәрбиесі және шығармашылық тәрбие	5-10 сынып Жас ұландары	Қазан	Пед ұйым Тәлімгер Ұйым мүшелері
2	«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» (мұғалімдер мерекесіне байланысты онлайн арнау және концерттік бағдарлама)	Рухани- адамгершілік тәрбиесі және шығармашылық тәрбие	5-10 сынып Жас ұландары	Қазан	Пед ұйым Тәлімгер Ұйым мүшелері
3	«Алтын күз» мерекесі(сурет байқау) /онлайн/	Экологиялық және эстетикалық тәрбие	0-4 сыныптар	Қазан	Пед ұйым Тәлімгер Сынып жетекшілер
4	Ұланбасын сайлау өткізу /онлайн/	Азаматтық патриоттық тәрбие	5-10 сыныптар	Қазан	ДТЖО Пед ұйым Тәлімгер Ұйым мүшелері

Қараша

№	Атқарылатын жұмыстар	Тәрбие жұмыстарының бағыттары	Қатысушылар	Уақыты	Жауапты
1	«Менің отбасым- менің тірегім!» (шығарма жазу)	Кәсіби шығармашылық тәрбиесі	5-10 сынып Жас ұландары	Қараша	Тәлімгер Ұйым мүшелері
2	Оқушылардың сабаққа қатысуын қадағалау	Өндірістік	5-10 сынып Жас ұландары	Қараша	Тәлімгер Ұйым мүшелері
3	«Қайырымды бол» атты мейірімділік шаралары	Қарт кісілерге көмек беру	8-10 сыныптар	Қараша	ДТДЖО Пед ұйым Тәлімгер Ұйым мүшелері
4	Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына орай Абай әндерінен фестиваль өткізу /онлайн/	Фестиваль	1-10 сынып ұландары	Қараша	ДТДЖО Пед ұйым Тәлімгер Ұйым мүшелері

Желтоқсан

№	Атқарылатын жұмыстар	Тәрбие жұмыстарының бағыттары	Қатысушылар	Уақыты	Жауапты
1	ЖҚТБ-ғасыр дерті	Салауатты өмір салтын қалыптастыру тәрбиесі	5-10 сынып Жас ұландары	Желтоқсан	Медбике Сынып жетекшілер
2	1-желтоқсан «Тұңғыш Президент» күні мерекесіне арналған іс-шара ұйымдастыру /онлайн/	Мерекелік шара	Жас ұландар	Желтоқсан	ДТДЖО Пед ұйым Тәлімгер Ұйым мүшелері
3	«Тәуелсіздік елімнің ерлік жолы» 16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай іс-шара өткізу. «Жас ұлан», «Жас қыран» » балалар ұйымының қатарына салтанатты қабылдау /онлайн/	Азаматтық патриоттық құқықтық және полимәдениеттілік тәрбие	1-5 сыныптар	Желтоқсан	ДТДЖО Пед ұйым Тәлімгер Ұйым мүшелері Сынып жетекшілер
4	«Қош келдің Жаңа жыл!» /онлайн, видеоролик /	Мерекелік шара	1-10 сынып оқушылары	Желтоқсан	ДТДЖО Пед ұйым Тәлімгер Ұйым мүшелері Сынып жетекшілер

Қаңтар

№	Атқарылатын жұмыстар	Тәрбие жұмыстарының бағыттары	Қатысушылар	Уақыты	Жауапты
1	«Достарым бар ардақты» (мейірімділік акциясы) /онлайн/	Азаматтық патриоттық құқықтық және полимәдениеттілік тәрбие	5-7 сынып Жас ұландары	Қаңтар	Тәлімгер, Ұйым мүшелері
2	«Жылдам және тез» спорттық ойындар	Спорттық ойындар	2-3 сыныптар	Қаңтар	Тәлімгер Сынып жетекшілер
3	«Сау денеден-сау ақыл», «Спорт-нашақорлыққа қарсы» тақырыптарында 6-7 сыныптар арасында спорт жарыстарын өткізу /онлайн/	Патриоттық тәрбие беру мақсатында	6-7 сыныптар Жас ұландар	Қаңтар	Тәлімгер Тәрбие ісінің орынбасары
4	Еріктілер «Қолқанат» топтарының жұмысын жандандыру /онлайн/	Патриоттық тәрбие беру мақсатында	8-10 сынып Жас ұландары	Қаңтар	Тәлімгер Ұйым мүшелері

Ақпан

№	Атқарылатын жұмыстар	Тәрбие жұмыстарының бағыттары	Қатысушылар	Уақыты	Жауапты
1	«Ауған қасіреті». Кеңес Одағының соңғы соғысы. 1979-1989 /онлайн видеоролик/	Патриоттық, рухани бағыт	«Жас ұлан» мүшелері	Ақпан	Тәлімгер Тарих пәнінің мұғалімдері
2	«Мұқағали мұрасы» көркем сөз оқу /онлайн/	Ұлттық сананы қалыптастыру тәрбиесі	7-8 сыныптар	Ақпан	Қазақ тілі пән мұғалімдері
3	«Ауғанның от жалыны»	Патриоттық, рухани бағыт	Ұйым мүшелері	Ақпан	Тарих пәнінің мұғалімдері
4	«Флеш-моб» би жарысы /онлайн/	Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру	8-10 сынып	Ақпан	Пед ұйым Тәлімгер Сынып жетекшілер

Наурыз

№	Атқарылатын жұмыстар	Тәрбие жұмыстарының бағыттары	Қатысушылар	Уақыты	Жауапты
1	1- Наурыз Алғыс айту күні	Рухани адамгершілік тәрбие	1-10 сыныптар	Наурыз	Тәлімгер Сынып жетекшілер
2	8 Наурыз –Халықаралық әйелдер күніне арналған мерекелік шара. «Ана-өмір шуағы»	Рухани адамгершілік тәрбие	0-10 сыныптар	Наурыз	ДТДЖО Пед ұйым Тәлімгер Ұйым мүшелері Сынып жетекшілер
3	«Білекке-білезік, мойынға-алқа, бұрымға- бәйге» арулар байқауы /онлайн/	Байқау	6-7 сыныптар	Наурыз	Пед ұйым Тәлімгер Сынып жетекшілер
4	«Армысын Әз Наурыз»	Азаматтық патриоттық тәрбие	«Жас ұлан» ұйым мүшелері	Наурыз	ДТДЖО Пед ұйым Тәлімгер


Сәуір

№	Атқарылатын жұмыстар	Тәрбие жұмыстарының бағыттары	Қатысушылар	Уақыты	Жауапты
1	12 сәуір — Дүниежүзілік авиация және ғарышкерлер күні /онлайн, видеоролик/	Ақпараттық бұрыш	5-7 сынып Жас ұландары	Сәуір	Тәлімгер Ұйым мүшелері
2	«Көктемгі көрініс» сурет байқауы	Кәсіби шығармашылық тәрбиесі	1-4 сыныптар	Сәуір	Тәлімгер Сынып жетекшілер
3	«Құстар біздің досымыз!» сурет байқауы /онлайн/	Құстарға ұя жасау	5-6 сыныптар Жас ұландары	Сәуір	Тәлімгер Ұйым мүшелері

Мамыр

№	Атқарылатын жұмыстар	Тәрбие жұмыстарының бағыттары	Қатысушылар	Уақыты	Жауапты
1	«Халықтар достастығы» (1 мамыр мерекесіне арналған мерекелік іс-шара)	Азаматтық- патриоттық, құқықтық және полимәдениеттілік тәрбие	1- 10 сыныптар	Мамыр	ДТГЖО Пед ұйым Тәлімгер Ұйым мүшелері
2	«Ешкімге де, ештеңе де ұмытылмайды»	Азаматтық- патриоттық, құқықтық және полимәдениеттілік тәрбие	1- 10сыныптар Жас ұландары	Мамыр	Тәлімгер ұйым мүшелері
3	«Жас ұлан» ұйымының отырысы	Азаматтық- патриоттық, құқықтық және полимәдениеттілік тәрбие	5-11 сынып Жас ұландары	Мамыр	Тәлімгер ұйым мүшелері
4	«Кітаптарға көп рахмет» (мектеп кітапханасына көмек көрсету)	Рухани адамгершілік тәрбие	5- 7 сынып Жас ұландары	Мамыр	Тәлімгер ұйым мүшелері
5	Атқарылған жұмыстарға есеп беру	Өндірістік		Мамыр	Тәлімгер Ұйым мүшелері

Тәлімгер:



Г.Саненова